

6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған Мамышева Мөлдір Ерланқызының «Абай облысы микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесі» (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары негізінде) атты диссертациясына

ШҚІР

Кез келген атау – көнеден хабар бере алатын тарихи мұра. Географиялық нысанға атау жайдан-жай қойыла салмайтыны белгілі. Ол белгілі бір мақсатпен беріледі. Көшпенді қазақ халқы кең даласының әрбір төбесі мен тауын, тасын, өзені мен көлін, өлкесі мен сайын жақсы білген, соған сай атау беріп отырған. Ұсынылып отырған диссертациялық жұмыс жер-су атауларының терең тарихи, лингвомәдени сипатын, ерекшеленуін көрсетуімен айырықша.

Бүгінгі қоғамдағы әлеуметтік-саяси және экономикалық өзгерістерге байланысты микротопонимика бойынша зерттеулер жаңа қырынан таныла бастады. Көптеген елді мекендерге, ауыл және қала жер-су атауларына елеулі өзгерістер енгізілуде. Соған орай ұсынылып отырған жұмыс микротопонимика саласындағы зерттеулерге бет бұрудың қажеттілігі мен маңыздылығын ескере отырып орындалған деп санаймын. Сондықтан, Мамышева Мөлдір Ерланқызының «Абай облысы микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесі» (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары негізінде) атты диссертациясы ұлттық кодымызды сақтаудың бір өзегі – микротопонимдерді жан-жақты қарастыруға, зерделеуге арналған жұмыс ретінде бағаланады.

Мамышева Мөлдірдің «Абай облысы микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесі» (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары негізінде) атты диссертациялық жұмысы микротопонимдерді танудың лингвомәдени сипатын негізге ала отырып, Абай облысы Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесін лингвомәдени және тарихи-лингвистикалық тұрғыдан кешенді зерттеу мақсатын қойған.

Диссертациялық жұмыстың мақсаты айқын, сол мақсаттың орындалуына негіз болатын алға қойған міндеттері нақты, тұжырымдары түйінді жасалған. Жұмыс «Микротопонимдердің лингвомәдени ерекшеліктері (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары негізінде)», «Микротопонимдердің тарихи-лингвистикалық сипаты» (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары бойынша) деген екі тарауға жүйеленіп берілген. Тараулар өз ішінде бірнеше тараушалармен бөлінген.

Зерттеу жұмысы негізінде алынған нәтижелер, ғылыми-теориялық тұжырымдар тіл білімінің тіл теориясы, ономастика және сөзжасам салаларында теориялық тұрғыдан үлес қоса алады. Зерттеуге алынған микротопонимдерді жан-жақты зерделеу ізденушінің қазақ ономастика ғылымының дамуына қосқан бір үлесі деп бағалар едім. Диссертациялық жұмыстың практикалық мәнділігі жоғары.

Мамышева Мөлдір Ерланқызының «Абай облысы микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесі» (Ақсуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары негізінде) атты диссертациясы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу алуға лайықты деп есептеймін.

Пікір білдірген:

«Семей қаласының Шәкәрім университеті» КеАҚ,
Қазақ филологиясы және журналистика кафедрасының
аға оқытушысы, ф.ғ.к.

А.М. Жумагулова



_____ қалын растаймын	
Персоналды басқару және ҚАБ басшысы	
__	20__ ж.